

№ 2180 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке (жұмысқа), оқуға қабылданатын кадрларды іріктеу және зерделеу жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы № 299 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 7 маусымда тіркелді. Тіркеу № 2892. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 2 шілдедегі № 382 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.07.02 № 382 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы № 1644 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ереженің 5-тармағына сәйкестендіру мақсатында бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке (жұмысқа), оқуға қабылданатын кадрларды іріктеу және зерделеу жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 2180 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке (жұмысқа), оқуға қабылданатын азаматтарды зерделеу мен іріктеудің тәртібіндегі:

13-тармақ алынып тасталсын.

2. Астана, Алматы қалалары ішкі істер бас басқармаларының, облыстардағы ішкі істер бас басқармаларының, ішкі істер басқармаларының және көліктегі ішкі істер басқармаларының, Ішкі істер министрлігі оқу орындарының бастықтары аталған бұйрықты басшылыққа алу және орындау үшін қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр